



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

людей для решения своих проблем. Используются социально-психологические и духовно ориентированные методы терапии.

Социальная диспансеризация, сопровождение и патронаж практикуются на всех уровнях диаконии с социальными категориями риска, с маргинальными индивидами и группами. Эта комплексная деятельность предусматривает постановку объектов диаконии на учет в специальной службе, периодическое посещение их по месту проживания и разностороннюю социальную помощь, включая консультирование и помощь при встречах с другими людьми [3].

Диакония-ориентация (технологии развития социальной работы). К социальным технологиям этой категории относятся:

1. Социальное прогнозирование: предвидение будущих событий и состояний, применяемое в макродиаконии для обоснования социальных программ (проектов) и их предполагаемых результатов. Используются социологические методы составления прогнозов развития социальной ситуации, в том числе экстраполяция, моделирование (исследование объектов на их аналогах) и экспертиза (обращение к мнениям группы специалистов).

2. Социальное проектирование: обоснованное определение вариантов планового развития социальных процессов. В основном это используемое на этапе планирования терапевтических мероприятий программно-целевое проектирование – создание проектов по решению проблем целевых социальных категорий или населения локальных территорий с применением социологических методов диагностики проблем и построения программ.

За годы своего существования РПЦ накопила большой опыт милосердно-благотворительной деятельности, которая сегодня активно возрождается. Конечно, как и всякий иной, этот опыт имеет не только достоинства, но и недостатки, но в целом он может во многом послужить духовному возрождению населения нашей страны в русле программы «Рухани Жанғыру». «А ведь духовное возрождение – это не только строительство храмов, открытие монастырей, это – создание храмов в душах людских, возрождение милосердия и великодушия, столь свойственных когда-то русскому Православию».

Список использованных источников:

1. О принципах организации социальной работы в Русской Православной Церкви // Электронный ресурс: <http://www.patriarchia.ru/db/text/1401894.html>.
2. Иванов В.Н., Патрушев В.И. Социальные технологии: Курс лекций. - М.: Изд-во МГСУ "Союз", 1999. - 432 с. ISBN 5-7139-0126-2.
3. М.В. Ромм, Т.А. Ромм. Теория социальной работы. Учебное пособие. Новосибирск. – 1999.

УДК 130.12

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «РУХАНИ ДАМУ» (ЖАҢҒЫРУ) ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Тәуірбай Ақниет Әмірханұлы

akniet_2020@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 5В020100-философия 3-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Шойынбаева Ғ.Ә

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі халықтардың бірі қазақтар болып табылады. Қазақ халқы немесе Қазақ елі Мұхаммед Хайдар Дулатидің деректеріне сәйкес XV ғасырдың екінші жартысында, дәлірек айтсақ 1465-1466 жылдары, Әбілқайыр хан ұлысынан бөлек шыққан ру-тайпалар негізінде пайда болған түркі мемлекеттерінің бірі болып табылады [1,84б].

Қазақ халқының дүниетанымында «Рухани жаңғыру» немесе «жаңғыру» сөздері «жаңару», «даму», «өзгеру» деген философиялық ұғымдар негізінде түсіндіріледі [1,95б]. Қазақ халқы әрқашан жаңашылдықты, жаңа бастаманы қолдап отырған халық. Оған дәлел қазақ ауыз әдебиетінде қалыптасқан «Елу жылда ел жаңа», «Заманына қарай заңы, тоғайына қарай аңы» секілді мақал-мәтелдердің қалыптасуы қазақ болмысында «жаңару», «өзгеру» идеяларының бар екендігін аңғартады. Сонымен қатар көшпелі мәдениетте «жаңғыру, жаңару» ұғымы «жаңа қоныс, жаңа мал жайылымы, жаңа бұлақтың көзін ашу, жаңа туған нәресте» деген секілді тұрмыс процестеріндегі ұғымдардан байқауға болады. Алайда біз қарастырып отырған Қазақ болмысындағы «Рухани жаңғырудың» толық философиялық түсінігін түсіну үшін Қазақ халқының қалыптасу кезеңінен бодан болуға дейінгі, бодандық тауқыметі кезеңінен тәуелсіз Қазақстан кезеңіне жетуге дейінгі аралықта қалыптасқан халықтың философиялық тарихындағы даналық пен руханилық мәселесін қараған жөн болады.

Қазақ дүниетанымындағы руханилық пен даналық мәселесі тікелей түркілік мәдениетпен байланысты. Ежелде дала өркениетіне сәйкес көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы, өзінің жазба әдебиетінің жоқтығына қарамастан өте үлкен әдеби мұра мен өміршең даналықтың бастауы бола білген. Қазақ фәлсафасы, хронологиялық деректерге сүйенсек Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі жыраулар поэзиясы дәуірінен бастау алады. Сонымен қатар кейбір деректерде Қазақ хандығына дейінгі кездегі тұтас түркі мәдениеті мен ежелгі өркениетіне ортақ рухани мұраларды да қазақ халқының еншісіне ортақтастырады [2,10б].

Қазақ халқы ежелден Дала мәдениетінің дәстүрлі ұстанушылары болып табылады. Дала мәдениетіне сай көшпелі өмір салтын ұстанған ата бабамыз осынау дария өмірдің бір орында тұрмайтындығын және де күйбең тіршіліктің тұрақсыз екендігін сол заманда-ақ аңғарған. Дана бабаларымыз ел басқару, әлеуметтік өмір, сыртқы саясат салаларында рухани ізгілік пен адами құндылықтарды бірінші орынға қоя білген. Дала мәдениетіне сай бұл дәстүрлі ұстанымның бір дәлелі Қазыбек бидің Қалмақ ханына айтқан мына сөздері болып табылады:

*Сен темір де, мен көмір,
Еріткелі келгенмін.
Екі еліктің баласын,
Теліткелі келгенмін.
Егесетін ер шықса,
Иілткелі келгенмін.
Тұтқыр сары желіммін,
Жабысқалы келгенмін...[3,83б].*

Қаршадай жас баланың тұтас бір мемлекет басшысына айтқан әділ шындығы екі ел арасындағы дипломатиялық шиеленістердің рационалды шешімі бола білген. Ең бастысы сол замандағы материалдық құндылықтарға қарағанда адамдардың интеллектуалдық байлықтарының жоғары бағаланғандығы. Дала өркениетіндегі түркі тілдес халықтарға ортақ дәстүр, сөз өнерінің биік шыңы – асыл, шешен сөзге тоқтау.

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертекшілер, билер мен серілер – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда жартылай даму тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар шынайы реализм, білімнің негізгі жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні.

Қазақ руханилығы мен даналығының тарихи хронологиялық кезеңдеріне келер болсақ, жоғарыда аталып өткендей ең алғаш өз бастамасын Асан қайғы мен Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармаларынан бастау алады. Асан қайғы өз жыр толғауларында, шешендік сөздерінде хандық мемлекетті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажеттілігін насихаттайды.

Асан Қайғының шын есімі Хасан Сәбитұлы. Жыраудың Қайғы атануының басты себебі ғұламаның ойшылдығы мен парасаттылығы [4,516]. Тұтас бір халықтың қайғысын, болашағын қайғырып терең толғанысқа түсуі болып табылады. Асан Қайғының философиялық ойлау стилі терең прагматтық көзқарасқа толы көшпелі өркениеттің көрінісі. Асан Қайғыдан басталған жыраулар поэзиясы Қазақ Хандығы тұсында тұтас, жүйелі сабақтастыққа жалғасты. Хандықтың құрылып, дамып, гүлденген тұсы, елде: Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау секілді жыраулар дәуірін тудырды. Жыраулар поэзиясы қазақ қоғамында Қазақ хандығы құлағанша дәстүрлі өз жалғасын таба білді. Қазақ ақын-жырауларының шығармалары көшпелі болмысты, ата-қоныс, адам, қоғам, сол кездегі әлеуметтік жағдайларға, батырлық, көркемдік, адамгершілік, өмір мәселелеріне байланысты бола тұра, терең мағыналы философиялық ойларға толы болды.

Жыраулар поэзиясындағы философиялық ойлардың негізін салушылардың бірі Шалкиіз жырау мына дүниенің тұрақсыз екендігін, заманның аумалы-төкпелі, құбылмалылығын өз жырларында шебер жырлай білді [5,526].

Ақтамберді Сарыұлы [4,966] өз жырларында халықты батырлыққа, өр мінезге шақыра, шын батырлықтың негізі рухани батылдықта екендігін жырлады. XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Бұқар жырау Қалқаманұлы [4,996] адам болмысындағы өзгеру процесінің келесі бір даму деңгейіне көтерілу екендігін түсіндірді. Сонымен қатар Бұқар жырау шешендігінің басты идеясы Қазақ қоғамындағы монархиялық басқару жүйесінде де белгілі бір деңгейде халық демократиясының бар екендігін көрсетті. Оған дәлел Бұқар жыраудың өмір сүрген дәуірінде Қазақ хандығын басқарған Абылай ханды сынға алып, халықтың алдында Ханның асқақ емес екендігін, Хан халықтың қамқоршысы екендігін мына бір өлең шумақтарында жоғарғы философиялық негізде асқан шеберлікпен жеткізеді:

*Ай, Абылай сен он бір жасыңда
Тұрымтайдай ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің .
Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайбайдың қолында
Түнде туған ұл едің.
Жиырма беске келгенде,
Бақыт берді басыңа,
Тақыт берді астыңа:
Отыз жасқа келгенде,
Дүниеге кең едің:
Отыз беске келгенде,
Қара судың бетінде
Шайқалып аққан сең едің;
Қырық жасқа келгенде,
Алтын тонның жеңі едің;
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің;
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын бір кезеңге тіредің;
Елу бес жасқа келгенде,*

*Жақсы болсаң толарсың,
Жаман болсаң маужырап барып соларсың;
Алпыс бес жасқа келгенде,
Әрбір атқа қонарсың;
Жұмсаһаң бала тіл алмай,
Қатының қарсы шауып ұялмай,
Әрнешек күнің сол болар,
Еңкейтiп орақ ораға
Тоңқайып масақ терерге.
Жетпіс жасқа келгенде,
Жетпіс деген жел екен,
Шала ауырып пір екен.
Жетпіс бес жасқа келгенде,
Жылуы болмай қойныңның,
Қаруы болмай сойылыңның,
Өлмесең де жойылдың,
Әр атаққа қойылдың.
Сексен деген сор екен,
Шындап ұрған пері екен;
Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзді алар,
Ауыздағы сөзді алар,
Бойыңдағы әлді алар,
Бетіңдегі нұрды алар,
Бойыңдағы шырды алар,
Ауызыңдағы тісті алар,
Қолыңдағы істі алар,
Өлмегенде не қалар?
Тоқсан бес деген тор екен,
Дәйім жаның қор екен,
Қарғиын десең екі жағы ор екен;
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі терең көл екен,
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен[4,80б].*

Бұқар жырау жәй ғана Ханның халық алдындағы әділ басқаруы мен Халыққа тәуелдігін ғана емес, сонымен қатар ел басқарушы басшы адамның өмір философиясын асқан прагматтық көрегендікпен ұштастыра жырлай білген.

Қазақ хандығы құлауы нәтижесінде XVIII ғасыр сонында Қазақ елі тұтас дербестігі мен тәуелсіз ел статусынан айырылды. Осынау бір қысыл таяң кезеңде де Қазақ халқы өзінің материалдық тәуелсіздігінен айырылса да рухани тәуелсіздігінен айырылған емес. Дәл осы заман Қазақ руханиятында Зар заман өкілдерін дүниеге әкелді. Зар заман дәуірі ақындары: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы халықтың басына түскен отаршылдық нәубетін уайым, қайғы сарынында шебер жырлай білді [6,76б]. Зар заман ақындары қазақ халқының қайтадан дербес мемлекет болып, тәуелсіз ел болуының негізі кемел білім алу, рухани даму негіздеріне сүйеді. Сонымен қатар Дулат жер, су мәселелерін жырлап толғанса, Мұрат бостандық, елге деген адалдық мәселелерін көтерді. Шортанбай Қанайұлының басты ойы Заманақыр тақырыбына бағытталды. Ойшылдың айтуы бойынша Адамды – заман емес, керісінше Заманды – адам бұзады деген тоқтамға келді [6,83б].

Қазақ рухани танымының заман ағымына сай трансформациялануы процесіндегі бір ерекше құбылыс ол – ұлттық бірегейлік пен ата дәстүр негізіндегі ерекше ойлау стилі. Еліміз

қанша жыл бодандықтың тауқыметін кешсе де, рухани бодандықтың құрсауына түспеген. Қазақ руханилығы күнделікті тұрмыс-тіршілікпен біте қайнасқан, прагматшыл, өміршең заңдылықтарға айналып отырған.

Зар заман өкілдерінің ізін жалғастырып Қазақ даласына ең алғаш рационалды білім алу, өркениет талабына сай интелегенттік ортаны құру жолында тер төккен ғұлама ол – Ыбырай Алтынсарин [7,1176]. Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында бала дүниетанымының философиялық мәселелерімен шұғылданған алғашқы қоғам қайраткері болып табылады. Ғұлама ойшыл, далалық дәстүрлі қоғамдық дүниетанымды әлемдік даму деңгейімен ұштастыра білген тұлға. Алтынсарин ең алғаш Қазақ қоғамында зайырлылық үлгідегі білім алу жүйесі мен қоғамдық білім ордаларын дүниеге әкелген. Сонымен қатар бүгінде белгілі бір трендке айналып жүрген, батыстан шығысқа трансформацияланып жеткен гендерлік теңдікті әкеле білген қоғам жаңартушысы. Оған дәлел Алтынсариннің 1864 жылы Торғайда ашқан ең алғаш қыз балаларға арналған мектеп интернаты болып табылады [8,1096].

Келесі қазақ дүниетанымының даму шеңберіндегі қазақ болмысын зерттеуде биік шыңға шыға білген, қазақ философиясында өзі биік шың бола білген ол – Абай Құнанбаев. Абай қазақ дүниетанымы мен рухани болмысын синтездеуші, көне ескірген мәдени дәстүрлер мен дағдыларды жаңартушы ұлы адам [9,2006]. Антикалық грек мәдениетіндегі ойлау жүйесін ең алғаш ретке келтіріп, жүйелендірген әлемнің бірінші ұстазы Аристотель секілді, Абай Құнанбаев та қазақ тұрмыс салтында рухани болмысты жүйелеген тұлға. Абай – қазақтың Аристотелі. Ғұлама қазақ қоғамында ойлау туралы ойды жаңа бағытқа бұрды. Бұл жаңа бағыттың аты - Хикмет ілімі. Абай өзінің қара сөздері арқылы тұтас қоғамды сынға алып, заман талабынан ескірген түсініктерді шектеп, өміршең озық ойлар мен философиялық ойларды жаңа деңгейде қарастырды. Абай ойлау жүйесіндегі дүниеге деген философиялық көзқарас төл мәдениет рухында қайта жаңғырды. Хакімнің категориялық түсінігінің басты орталығының бірі – махаббат түсінігі болды. Ол жай ғана екі адамның арасындағы шоқ сезім немесе мемлекет пен елге деген патриоттық түсінік деңгейінде емес, тұтас ғаламдық шеңберде махаббат түсінігін аша білді. Адамзатты Алла махаббатпен жаратқан, демек махаббат адамға дейін болған, Алланың тек өзіне ғана тән құдіреті деп білген Абай Адам мен Алланың арасындағы қатынасты сүю деп атайды. Адамның өзін махаббатпен жаратқан жаратушысын сүюін парыз деп санады. Абай сүюдің үш формасын көрсетеді: Алланы сүю, оның жаратқан кереметі – адамды сүю және хақ жолы деп әділеттілікті сүю. Осы үш сүюді Абай иманның гүлі немесе имани гүл деп атайды. Расында, Абай асқан гуманизмдік идеяның авторы [14,2056]. Тек қана бүтін халықтың емес, тұтас адамзат баласының ауызбіршілігін сипаттаған, жоғары пацифисттік әделеттілікті айтады. Абай қазақ қоғамына сонау түркілерден, болмысымыз бен дәстүрімізге синтезделген ислам мәдениетіндегі асыл идеяларды қарапайым логикаға сыйымды тілде жеткізген қоғам данышпаны, заманынынан асып туған асыл. Абайдың рухтың жаңаруын түсіндіруі мынау әлеуметтік орта мен қоғамдық материализмге негізделмегендігін жан мен тән арасындағы процестерге берген түсінігінен аңғаруға болады. Бірақ Абай тек қана руханилықты дәріптеген, сонымен қатар Абай тұрмыс тіршіліктегі жоғары прагматтық ой сананы қалыптастырған. Абай іскерлік-прагматизмнің бастауын рухани байлықтың ішінде деп есептеген [10,2076].

Абайдың «Жетінші сөзінде» ұшырасатын «жанның тамағы» деген күрделі философиялық ұғым бар [10,2236]. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай: "... құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді", – деп қайыра түсінік беріп отыр... Абайдай ұстаз ақынның бұл «Жетінші сөзінде» көздеген мақсаты – адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіндіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр. Абай бұл бағыттағы ойларын өзге сөзбен "Ғылым таппай мақтанба" т.б. өлеңдерінде айтқан. Мұнда ол "жанның тамағы туралы" ұғымды өз заманынын тұрғысынан келіп, "адам болу" үшін қажет көп керектермен ауыстырады. Ақын

толық адам болу туралы да өзінің жүйелі қалыптасқан көзқарасының тезисін ұсынады. Онысы: Адам болам десеңіз...Бес нәрседен қашық бол..., Бес нәрсеге асық бол, – деген жолдарда жатыр [11,1246]. Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған. Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың мольгуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы реуішті пікір Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде» де қайталанатын. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Сондықтан да Абай «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», [11,1196] – деп жоғарыдағы өлең үзіндісіндегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады.

Данышпан Абайдан кейінгі қазақ қоғамына ғылымның үлкен жарық сәулесін аша білген дара тұлға – Шәкерім Құдайбердіұлы. Шәкерім немесе Шах Кәрім өз еңбектерінде Абайдың имани гүл философиялық концепциясын одан әрі дамытып, өзінің «Үш анық» атты еңбегінде ұят туралы ілім принциптеріне айналдырды. Шәкерім сол кездегі еуропалық ғалымдардың озық ойлары мен ғылымда, дүниені меңгеруде жеткен жетістіктерін сынға ала отырып, этикалық максимализмге негізделген ар-ұятты дәріптеу ілімін жасады. Ойшылдың жазған еңбектерінің («Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты», «Түркі,қырғыз, һәм хандар шежіресі», «Үш анық») [12,56] барлығында сол кездегі қазақ қоғамындағы дүниетанымдық мәселелерді ұлттық бірегейлікті сақтай отыра әлемдік өркениетке теңестіру идеясы жатқан болатын.

XIX-XX ғасырларда Қазақ философиясындағы ой-толғаныстармен көтерілген негізгі мәселелер дәстүрлі қазақ ойшылдығына сүйенгенімен, олардың ойлау кеңістігі кеңейіп, Қазақ философиясын еуропа дәстүрмен ұштастырып отырды. Бұл бағыт Абайдан басталып, XX ғасырдың басындағы басқа да қазақ ойшылдарының шығармаларында жалғасын тауып, кең өріс алды.

Абай, Шәкерім болмысындағы рухани даму, сана мен ұлт дамуы, ғылым білімге деген ден қою рухы XX ғасырда ұлт мүддесі мен азаттық идеясын құра білген қазақ интеллегенциясын дүниеге әкелді.

Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік-философиялық идеялары шынайы ақиқи-мазмұнға ие принциптерге негізделді. Алаш қайраткерлерінің басты мақсаты – бодандықтың ғасырлар бойғы жетегінде қалған қазақ халқының ой санасын ояту, бүтін болмысын жаңа деңгейге көтеру болатын. Алаш қайраткерлері азаттық идеясы жолында қазақ халқының ұйқыға кеткен рухани санасын Ахмет Байтұрсынұлының «Масасымен», Міржақып Дулаттың «Оян қазағы» мен барынша оятуға тырысты [13,366].

Алаш қайраткерлерінің жаңаша ұлттық ойлауы өзіндік негіздерін қалап, халықты мәдени, рухани жетілдіруге бағытталған елдік сарынды ұлт зиялыларын алаш қозғалысына ұластырды. *«Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені, ол қазақ баласының жаңа саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет идеясын құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұған дейін болмағаны тарихтан белгілі. Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді»* [14,2846].

Қазақ дүниетанымындағы рухани дамудың жаңа деңгейі осылайша Алаш қайраткерлерін дүниеге әкелді. Бодандық лебі әсерінен ұлт санасынан жоғала бастаған дала прагматизмі мен ұлт болмысындағы сыни ойлаудың озық үлгісін, көшпелі мәдениеттегі табиғи бейімделу қасиеті мен шешендіктің ұшқыр ойын Алаш қайраткерлері Ұлт санасын оятуда керемет пайдалана білді. Ұлттың ұлт, елдің азат болуы үшін қазаққа білім-ғылымды игеруді сол кездің өзінде алаш қайраткерлері анық аңғарған. Алаш арысы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «халқымның мен шын ұлы екеніме тарихтың өзі куәлік берер» деген сөзі де сол ұлттық мүддеден туындаған. Олай болатын болса, *«Алаш тағылымы өз дәуірімен бірге кеткен, тек қана деректік мәні бар оқиға емес. Алаш қозғалысы – ұлттық идеядан бастау алған, ұлттық дүниетанымға нәр берерлік, дәстүрлері өміршең, тәлімі терең тарихи-рухани құбылыс»* [14,291б].

«Рухани Жаңғыру» қай кезеңде болмасын қоғам заңдылықтарына бағынбастан, табиғи өзгеру заңдылықтары негізінде дамып отырады. Өркениет өзгерістеріндегі «Рухани даму» процесі әр кезеңде әртүрлі дәрежеге ие болады. Адамзат баласы саналы өзгерістерге сапалы әсер ете алады. Тек қана сапалы, адам игілігіне бағышталған өзгерістер ғана «Рухани даму негіздері бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Есім Ф. Адам-Зат. – Астана: Ақарман, 2008
2. Ғабдуллин М. Халық ауыз әдебиеті.- Алматы:Мектеп,1979
3. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет / Құрастырған М. Мағауин. Алматы: Ана тілі, 1993. 176 б
4. Нұртас Иманқұл. Философия әлемінде: болмысы және тарихы. –Алматы: ПолиграфИздат,2006
5. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1998.
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі,1991.
7. Қазақ. Мақалалар жинағы / ред. Қасымжанов А.Х. – Алматы: Білім, 1994. –
8. Есім Ф. Хакім Абай: даналық дүниетанымы. Алматы: Атамұра, 1994.
9. Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. 2 том: Аудармалар мен қара сөздер. 1986.
10. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. Алматы: Қазақстан, 1991.
11. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Астана: Фолиант, 2002.
12. Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. / «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013..
13. Назарбаев Н.Ә. / Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003.
14. Назарбаев Н.Ә. / Сындралы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003.